

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұмыс дәптері

5

КЛАСС

Р. А. Сүлейменова, Г. Ж. Есенжолова

ҚАЗАҚ ТІЛІ




Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің
(сыныптардың) 5-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
С 90

Шартты белгілер:

-  – Күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма.

Сүлейменова Р. А. Т.Б.
С 90 Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған жұмыс дәптері / Р. А. Сүлейменова, Г. Ж. Есенжолова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 48 бет.

Жұмыс дәптері оқу орыс тілінде жүретін 5-сынып оқушыларын қазақ тіліне оқытуға арналған. Жұмыс дәптеріне оқушыларда ауызекі сөйлеу тілін, оқу мен жазуды қалыптастыруға бағытталған оқу материалдары енген.

ISBN 978-601-249-653-6

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-249-653-6

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019

Қымбатты дос!

Жұмыс дәптері – жаңа бағдарламада берілген тақырыптар бойынша құрастырылды.

Жұмыс дәптеріне арналған жаттығулар өтілген тақырыпқа сай алынды. Алынған теориялық білімді практикалық мақсатпен ұштастыру көзделді. Өр жаттығу қызықты, түсінікті және оқушының деңгейіне сәйкес алынды. Қолыңдағы дәптердегі тапсырмаларды орындай отырып, сен қазақ тілінде естігенінді түсініп, жауап қайтаруға, мәдениетті сөйлеуге, сонымен қатар қазақ тілінде оқуға және жазуға үйренесің.

Сәттілік тілейміз!

МЕНИҢ МЕКТЕБИМ

1-тапсырма.

- Дауысты дыбыстарды оқы.
- Дауысты дыбыстарды жаз.
- Жіңішке дауысты дыбыстарды бір бөлек, жуан дауысты дыбыстарды бір бөлек теріп жаз.

Дауысты дыбыстар: а, _____

Жіңішке дауыстылар: _____

Жуан дауыстылар: _____

2-тапсырма.

- Көшіріп жаз.
- Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырат.
- Жуан дауыстылардың астын бір сызықпен, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сыз.

Жаз, шөп, орақ, еңбек, өсімдік, алабота, жусан, егін, өзен, жел, қайық, бозторғай, дала, гүл, қызғалдақ, бөйшешек.

3-тапсырма.

- Берілген сөздерді түсініп оқы.
- Сыныпқа, сабаққа қатысты сөздерді теріп жаз.
- Жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді бір бөлек жаз.

Бес, біз, домбыра, пән, кітап, күнделік, бұзау, терезе, қалам, сабақ, өшіргіш, гүл, парта, ағаш, тақта, есеп.

4-тапсырма.

- Төменде берілген сөздерден сөйлем құра.

1. Таудың етегінде, саяжай. 2. Саяжайда, біздің, өседі, қарақат.
3. Ерте, піседі, шие. 4. Күзде, жинаймыз, іріктейміз, жемістерді.
5. Денсаулыққа, пайдалы, жемістер.

5-тапсырма.

- Дыбыстарды дұрыс айт.
- Сөздерді түсініп оқы.
- Берілген дыбыстарға сәйкес сөздерді таңда. Көшіріп жаз.

Керекті сөздер: торғай, жұмыс, сәуле, көрші, күшік, көше, ұшақ, тоқаш, сорпа, бұғы, ұшқыш, дәптер, әтеш, өрік, өмір, күміс, күлкі, көйлек, көрпе, сұрақ, жұмбақ.

Дыбыстар	Үлгі	Сөздер
А, о	боран, қора	
Ы, ұ	құлын, жұлдыз	
Ә, е	Әсем, әже	
Ө, і	бөрік, көлік	
Ү, і	түлкі, жүзік	
Ө, е	өзен, төсек	
А, ұ	бұршақ, құлақ	

6-тапсырма.

- Берілген орыс сөздерін оқы.
- Берілген орыс сөздерінің қазақша баламасын айт.
- Қызылмен жазылған әріптерді тірек ете отырып сөзжұмбақты толтыр. Сөзжұмбақтағы сөздерді жаз.

			М						
			Е						
			К						
			Т						
			Е						
			П						

- Учитель
- Широкий
- Дежурный
- Книга
- Окно
- Класс

7-тапсырма.

- Мақалдарды түсініп оқы.
- Сұраққа жауап бер.
 1. Қай мақалда тек жуан дауыстылар бар?
 2. Қай мақалда тек жіңішке дауыстылар бар?
- Мақалдарды жатта.

1. Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.
2. Отан отбасынан басталады.








8-тапсырма.

- Сөйлемдерді аударып жаз.

Я осенью пойду в школу.
Осенью много фруктов.
Осень – красивое время года.
Осенью часто идут дожди.


9-тапсырма.

- Сөзжұмбақты шеш.
- Көкөністердің атауларын жаз.

1											
2											
3											
4											
5											
6											
7											

10-тапсырма.

- Жұмбақтарды шеш.
- Жұмбақтардың шешуіне дыбыстық талдау жаса.



Қысқа таяқ діңі бар,
Шиырлаған ізінде
Сайрап тұрар тілі бар.



Доп сынды келбеті,
Онда бар түп-түгел
Әлемнің әлпеті.

11-тапсырма.

- Мектеп асханасындағы қауіпсіздік ережелерін тыңда. Қайтала.
- Мектеп асханасындағы қауіпсіздік ережелерін түсініп оқы.
- Ережелерді көшіріп жаз. Есте сақта.

Асханадағы жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары:

1. Асханаға тәртіпті сақтай отырып, асықпай, сабырлылықпен кіріп және шыққан жөн.
2. Асханаға сөмке немесе портфель апармаған жөн.
3. Асхананың ішкі бөлмелеріне кіруге болмайды.
4. Ыдыстар мен жиһазға ұқыптылықпен қараған дұрыс. Оларды сындыруға болмайды.
5. Электр жарығын өздігінен қосуға және сөндіруге тыйым салынады.
6. Терезені және терезенің желдеткішін өздігінен ашып-жабуға тыйым салынады.

ҚОРШАҒАН ОРТА

1-тапсырма.

- Төмендегі сөздерге тұстарындағы қосымшаның тиістісін жалғап, көшіріп жаз.

Үлгі: жұмысшы, түсінген.

Жұмыс...

Сурет...

Етік...

Ән...

-шы

-ші

түсін...

отыр...

сөйле...

қайна...

-ған

-ген

2-тапсырма.

- Берілген сөздерді көшіріп жаз.
- Төмендегі сөздерге тұсындағы қосымшалардың тиістісін жалғап, көшіріп жаз.

Кітап, дәптер, доп, күрек

Құрылыс, сурет, мал, етік

Бай, жақсы, кіші

-тар, -тер + -ды, -ді

-шы, -ші + -ның, -нің

-лық, -лік + -тың, -тің

3-тапсырма.

- Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғап жаз.
- Бұл зат есімдерге қандай сұрақ қойылады?

Кітап, дәптер, асық, қалам, кесе, кілем, орындық, домбыра, қобыз, ойыншық, сырнай, кілем, компьютер.

4-тапсырма.

- Берілген сөздерді көшіріп жаз.
- Сөздерді жекеше түрде жаз.
- Бұл зат есімдерге қандай сұрақ қойылады?

Жануарлар, өсімдіктер, құстар, көлдер, таулар, өзендер, ормандар, тастар, теңіздер, сиырлар, қойлар, тауықтар, қаздар.

5-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Керекті сөздер: менің, біздің, сенің, сіздің, оның.

- ... досым, ... дәптерім, ... қалам.
- ... кітабымыз, ... мұғаліміміз, ... мектебіміз.
- ... кітабың, ... компьютерің, ... дәптерің.
- .. добыңыз, ... үйіңіз, ... орындығыңыз.
- ... партасы, ... сыныбы, ... сөмкесі.

6-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауларын қойып, көшіріп жаз.
- Олардың қай жақта екенін айт.

Керекті жалғаулар: -м, -нды, -ң, -м, -н, -ң.

Балам, бала... , жаны... бала... ,
Құлағ... сал, сөйлейді ана... .
Сені өсіріп, бөбегі... деп,
Аппақ сүті... емізді ана... .

(Айманкүл)

7-тапсырма.

- Сөйлемдерді сөздеріне дұрыс жалғауды жалғап, көшіріп жаз.

1. Терезе (-дан, -ден) теңіз көрінеді. 2. Ағам (-нан, -нен) хат келді. 3. Мен газет (-тан, -тен) мақала оқыдым. 4. Біз тоғай (-ден, -дан) келдік. 5. Балықшылар өзен (-нан, -нен) қайтты.

8-тапсырма.

- Мына сөздерді қазақ тіліне аударып жаз.

Школа в центре, он в Нур-Султане, от врача, из Алматы, из овощей, в город, за мелом, к товарищу, за учебником, вместе с другом, с братом, со мной, с отцом.

9-тапсырма.

- Бірінші екі сөйлемді көшіріп жаз.
- Септік жалғау жалғанған сөздерді тап.
- Қалаған үш сөзді сөз құрамына қарай талда.

Біз жазда Нұр-Сұлтанға ұшақпен ұштық. Мен дүкеннен нан, сүт сатып алдым. Анам ауылдан қалаға келді. Ерболдың әкесі зауытта істейді. Кеше біз далада көп жүрдік. Ол досына хат жазды. Мен сүтпен шай іштім. Раушан анасымен тұрады. Сіңлім телефонмен ұзақ сөйлесті. Раушан Дастанға әңгіме айтты. Мен жексенбіде Көкшетауға барамын.

● **10-тапсырма.**

- Жіктеу есімдіктерін оқы. Есте сақта.
Жіктеу есімдіктерімен сөйлем құрастыр.

Жіктік жалғаулар

Жекеше түрі
(ед. число)

-мын, -мін
-бын, -бін
-пын, -пін
-сың, -сің

Көпше түрі
(мн. число)

-мыз, -міз
-быз, -біз
-пыз, -піз
-сыңдар,
-сіңдер

● **11-тапсырма.**

Жіктік жалғауын қосып жаз.

Мен Абзал... . Біз егіз... . Мен мұғалім... . Біз дәрігер... . Мен бала... .
Мен қазақ... . Мен жалқау... . Біз орыс... . Мен жалғыз... . Біз осында... .
Мен елуде... . Біз қыз бала... . Біз үлкен... . Біз жас... . Біз бай... .
Мен жұлдыз... . Біз оқытушы... . Біз күшті... . Мен бірінші... . Мен
жаман... . Мен инженер... . Мен кішкентай... . Біз жақсы. Біз отыз... .
Мен шаштараз... . Мен Раушан... . Мен студент... . Мен қонақ... . Мен
геолог... . Біз балалар... . Мен адам... . Біз отызда... .

12-тапсырма.

- Суреттерге қара. Ата.
- Сурет бойынша оқы.
- Сурет бойынша сөйлемдер құрап жаз.

Үлгі: Бұл гүл емес, шөп.

Бұл

емес, .

емес, .

емес, .

емес, .

емес, .

13-тапсырма.

- Берілген сөздерді топтастырып жаз.

Үлгі: ағаштар – терек, ... ,

Терек, емен, қарағай, қызғалдақ, қайың, бәйшешек, шырша, раушан, түймедақ.

Ағаштар: _____

Гүлдер: _____

14-тапсырма.

- Үй құстарын ата. Жабайы құстарды ата.
- Көп нүктенің орнына керекті дыбыстарды қой. Оқы.
- Үй құстары мен жабайы құстардың атауларын көшіріп жаз.

Үлгі: Үй құстары: өтеш,

Үй құстары:



Өт...ш



Тау...қ



Бал...пан



Қ...з



Үйр...к



Күрке...тау...қ

Жабайы құстар:




Т...рғай



Қарл...ғаш



Т...тықұс



Қ...гершін



Ақ...у



Қ...ран

15-тапсырма.

- Суреттегі құстарды ата.
- Не қалай дыбыстайды? Сөйлем құрастырып жаз.

Не шырылдайды?



Не қаңқылдайды?




Не қарқылдайды?



16-тапсырма.

● Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып, көшіріп жаз.

Аңдар



17-тапсырма.


● Суретті сөзжұмбақты шеш.

Суретті сөзжұмбақ

18-тапсырма.


- Суреттегі тағамдардың аттарын жаз.
- Дыбыстық талдау жаса.

Үлгі: құрт – *қ, р, т* – дауыссыз дыбыстар; *ұ* – жуан дауысты дыбыс.



19-тапсырма.



- Суретке қара. Ата.
- Сөздерді қатыстырып сөйлем құра.



Қымыз, шұбат – .

20-тапсырма.

- Суретке қара. Ата.
- Суреттегілерді сәйкестендір. Сәйкес суреттерді сызықпен қос.



МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

1-тапсырма.

- Бірінші екі сөйлемді көшіріп жаз.
- Дыбысталуы бірдей сөздерді тауып, астын сыз.

I. Раушанның қуанғаннан көзінен жас шықты. Жас шағыңда оқып, білім ал. Ол сенен сегіз жас үлкен.

II. Жаз айлары бітіп, құстар жылы жаққа ұшып кете бастады. Сөз етістіктің екінші жағында тұр. Оның бетінің бір жағы қызыл болып қалды.

2-тапсырма.

- Берілген синоним сөздерді жақша ішіндегі сөздердің лайықтысымен тіркестір. Сөз тіркесін жаса. Көшіріп жаз.

1. Қысқа, келте, шолақ (тон, жіп, жең). 2. Мықты, берік, күшті (ағаш, адам, жылқы). 3. Сирек, селдір (шаш, кездесу). 4. Кәрі, қарт (ешкі, адам).

3-тапсырма.

- Мағынасы жағынан ұқсас сөздердің қатарына тағы бір сөз қосып жаз.

Сыйлау, құрметтеу,

Әдемі, сұлу,

Шапшаң, жылдам,

Мықты, берік,

Керекті сөздер: қадірлеу, көркем, тез, күшті.

4-тапсырма.

- Берілген сөздерді көшіріп жаз.
- Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы болатын сөздерді тауып жаз.

Керекті сөздер: түнде, қараңғы, аласа, аз, жылы, қалың, кір, ақырын, кеш, ұзын, қорқақ, қуану.

күндіз –	суық –	ерте –
жарық –	жұқа –	қысқа –
биік –	таза –	батыр –
көп –	тез –	ренжу –

5-тапсырма.

- Берілген мақал-мәтелдердің екінші жартысын тауып жаз. Антоним сөздерді тауып, астын сыз.

Керекті сөздер: қорқақ мың рет өледі, дұшпан күлдіріп айтады, аз сөз алтын, жалқаулық құтын қашырап, білу қымбат.

1. Көп сөз – көмір,
 2. Ер бір рет өледі,
 3. Еңбек асырап,
 4. Білім арзан,
 5. Дос жылатып айтады,
-
-
-

6-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына антоним сөздерді қойып жаз.

Керекті сөздер: батады, жауаптар, аласа.


Күн шығады және

Кітапта сұрақтар мен ... бар.

Өзеннің оң жақ жағасы биік, ал сол жақ жағасы

7-тапсырма.

- Мемлекеттік рәміздерді есіңе түсір.
- Мемлекеттік рәміздерді ата. Көрсет.
- Толықтырып жаз.



8-тапсырма.

Толықтырып жаз.

Керекті сөздер: алтын, көгілдір.

Ту _____ түсті.
Қыран _____ түсті.
Күн _____ түсті.
Ұлттық өрнек _____ түсті.

9-тапсырма.

- Тыңда. Қайтала.
- Отан туралы қандай мақал-мәтелдерді білесің.
- Мақалдарды толықтырып жаз.

Керекті сөздер: туған, жер, ел, адам, бұлбұл.

1. жердей болмас,
 елдей болмас.


2. Отансыз – ормансыз .

10-тапсырма.

- Өзің тұратын жер туралы 2-3 сөйлем жаз.

11-тапсырма.

- Нұр-Сұлтан қаласының көрнекті жерлерінің атауларын көшіріп жаз.
- Сызбаны тірек ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласы туралы 2-3 сөйлем жаз.



12-тапсырма.

- Алматы қаласының көрнекті жерлерінің суреттерін қара.
- Олардың қай жерде екенін білесің бе? Айт.
- Атауларын жаз.



МЕН ӨСКЕНДЕ КІМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ?

1-тапсырма.

- Төмендегі сөздерге сұрақ қой.
- Бұл сөздерге *-шы, -ші* қосымшасын жалғап көшіріп жаз.
- Енді қандай сұрақ қойылады? Неге солай?

Футбол, ән, кілем, сурет, су, мал, қой.

2-тапсырма.

- Берілген сөздерді түсініп оқы. Көшіріп жаз.
- Берілген сөздер қандай сұраққа жауап береді? Айырмашылығы қандай?
- Бір-екі сөйлем құрап жаз.

1. Оқушы, мұғалім, жүргізуші, сатушы, аспаз.

2. Терек, қоңыз, жұлдыз, қасқыр, шегіртке, ит.

3-тапсырма.

- Сөздерді түсініп оқы. Көшіріп жаз.
- Берілген зат есімдерді мағыналарына қарай топтап жаз.

Айран, азамат, болат, жауын, темір, қымыз, қар, тырна, шырын, ұлан, үйрек, қар, шұбат, сәби.

4-тапсырма.

- Өлеңді түсініп оқы.
- Өлеңді көшіріп жаз.
- Тәуелді зат есімдерді тауып, астын сыз.

Текемет

Киіз үйдің төріне
Төселіпті текемет.
Текеметтің өңіне
Түскен өрнек өте көп.

Ұнап барлық адамға,
Қиялыңды жетелеп,
Жып-жылы боп табанға
Тиеді екен керемет.

(А. Шаяхмет)

5-тапсырма.

- Сөздерді түсініп оқы. Көшіріп жаз.
- Бұл сөздер туралы не айтуға болады?
- Төмендегі сын есімдердің тұсына қарсы мағыналы сын есімдер ойлап жаз.

Үлгі: жақсы – жаман,

Жақсы, үлкен, жаңа, биік, қалың, ұзын.

6-тапсырма.

- Жұмбақты түсініп оқы.
- Жұмбақты шеш.
- Сын есімдерді сұрақ қоя отырып көшіріп жаз.

Үлгі: Көк – Қандай?



Бір үйде көп бала,
Біреуі көк бала,
Біреуі ақ бала,
Біреуі қап-қара.

Жасыл бала, сары бала,
Қызыл бала, қоңыр бала,
Қызыл бала, қоңыр бала –
Әйтеуір, бәрі бала.

7-тапсырма.

- Сан есімдерге зат есім қосып жаз.

Үлгі: төрт қоян,

Төрт, бес, алты, он, он екі, үш, елу, жүз, қырық, жиырма, тоғыз, қырық бес. _____

8-тапсырма.

- Берілген сұрақтарды пайдаланып 2-3 сөйлем құра.

Кім?

қандай?

не?

не істеді?

Қыз бала

қызыл

көйлек

киді.

9-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы. Бір шумағын көшіріп жаз.
- Етістіктердің астын сыз. Сұрақ қой.

Көзінде жылылық бар,
Сөзінде ұлылық бар.
Мінезін осы бастан
Ұғынып қал!

Орынсыз күлмегені,
Ойлана біл дегені.
Сыйламай,
Ренжітіп
Жүрме оны!

(Ж. Әбдірашев)

10-тапсырма.

- Суретке қара. Мамандықтарды ата.
- Сенің ата-анаңның мамандықтары қандай?
- Әр мамандыққа бір-бір сөйлем құрап жаз.

Мамандықтар



Өрт сөндіруші



Суретке түсіруші



Аспазшы



Мұғалім



Полиция



Құрылысшы



Дәрігер



Шаш қиюшы



Сатушы

11-тапсырма.

- Апта күндерін ретімен жаз.
- Суретке қарап бірнеше сөйлем құра.



12-тапсырма.

- Кестені толтыр.
Қайсысы қай дүкенде сатылады?

Алма, сурет дәптері, нан, сүт, кітап, жейде, алмұрт, қарындаш, май, пәлте, картоп, көйлек.

Азық-түлік	Кітап	Көкөніс. Жеміс-жидектер	Киім

13-тапсырма.

- Оқы. Осы жағдаят бойынша өз ойыңды айт. Берілген сөздерді көшіріп жаз.
- Бұл жағдай бойынша берілген сөздерді пайдаланып ауызша диалог құр.

Берілген сөздер: кешіріңіз, көрмедім, жартылай дайын өнім, сатып алдым, сақталу мерзімі, өтіп кеткен.

Жағдаят: Сен дүкеннен жартылай дайын өнім сатып алдың. Бірақ сақталу мерзімі өтіп кеткенін үйге келгенде ғана көрдің.

14-тапсырма.

- Суретке мұқият қара. Суреттегі заттарды ата.
- Дүкенде сауда жасап үйрен.
- Сурет бойынша сөйлемдер құрап жаз.

Сіз



сатып аласыз.

Сіз



сатып алмайсыз.

15-тапсырма.

- Берілген сөздерге қатысты сөздерді таңда.

Керекті сөздер: ақ, аязды, желді, үлпілдек, жеңіл, суық, жылтыр, қатты.

Қыс: _____

Қар: _____

Мұз: _____

16-тапсырма.

- Қыс айларын ата. Жаз.
- Қыс мезгілі туралы әңгімеле.
- Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Керекті сөздер: жылы киім, аяз, боран, қатып қалады, шана, шаңғы.

Адамдар қыста ... киеді. Қыста ... , ... болады. Өзен, көлдердің сулары Балалар ... , ... тепкенді жақсы көреді.

17-тапсырма.

- Қарамен жазылған сөздердің антонимдерін тап. Сөйлемдерді толықтырып көшіріп жаз.

Керекті сөздер: суық, бұлтты, қысқа, қатты.

Жазда күн **ыстық**, ал қыста ... болады.

Жазда аспан **ашық** болады, ал қыста ... болады.

Жазда күн **ұзақ** болады, ал қыста ... болады.

Қар **жұмсақ**, ал мұз ... болады.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1-тапсырма.

- Жұмбақтарды түсініп оқы.
- Жұмбақтарды шеш. Жауаптарын жаз.

Сөзді құрап, доп тіземін,
Қоя салсаң бір тары,
Жаңалықты жеткіземін. _____

Ойды аяқтап орақ тұрады,
Жауап сөз қалап тұрады. _____

Ұранды, шаттықты,
Өкініш, аптықты,
Білдіріп ойын талайдың,
Шарға ине қадаймын. _____

2-тапсырма.

- Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге бір-бір мысал жаз.

3-тапсырма.

- Сұрақтарға жауап қайтар. Жауаптарды жаз.
 1. Мұнда неше сөйлем бар?
 2. Сөйлем соңына қандай белгі қойылған?
 3. Бұлар қандай сөйлем?
- Сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемдерге айналдырып жаз.

Сенің отбасыңда неше адам бар?
Сенің анаң қайда жұмыс істейді?
Сен ата-ананды жақсы көресің бе?

4-тапсырма.

- Сөйлемдерді түсініп оқы.
- Мағынасы бойынша хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып оқы.
- Мағынасы бойынша хабарлы сөйлемдерді сұраулы, лепті сөйлемдерге айналдырып жаз.

Хабарлы сөйлемдер: 1. Ауылдан әжем келді. 2. Орман іші тыптыныш. 3. Қар қалың жауды.

Сұраулы сөйлемдер: Әжем ауылдан келді ме? _____

Лепті сөйлемдер: Алақай, ауылдан әжем келді! _____

5-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Леп белгісінің қойылу себебін түсіндір.

Туған өлкем

Түлігі өскен алуан-алуан,
Төс алқабы малға толған.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы – менің туған өлкем!

(Ө. Тұрманжанов)

6-тапсырма.

- Мақалдарды екінші баған сөздерімен толықтырып жаз.

Еңбек өмірді ...

Жалқаулық ...

Еңбек ...

Қорқақ көлеңкесінен де ...

қорқады






аздырады

оздырады

ажарлайды

7-тапсырма.

- Суреттерге қара, ата. Сөздерді оқы.
- Суреттермен сөздерді сәйкестендіріп оқы.
- Суреттермен сөздерді сәйкестендіріп, бірнеше сөйлем құрап жаз.

ҚЫЗЫЛ  әдемі  жұмсақ 
сүйкімді  тәтті 

8-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Өлеңді көшіріп жаз.
- Сөйлемдердің хабарлы, сұраулы, лепті екенін анықта.

Еңбек десе, ерінеді.

– Ол кім?

– Жалқау!

Жанжал десе, кіжінеді.

– Ол кім?

– Ол – сотқар!

(Ә. Табылдиев)

БІЗ СПОРТТЫ ТАҢДАЙМЫЗ

1-тапсырма.

- Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сөйлем біткен жерде тыныс белгісін қой.
- Жазған мәтініңді түсініп оқы. Мәтінде қай жыл мезгілі туралы айтылған?

Көктем болды қар ери бастады жер қарайды әр жерден бөйшешек көрінді құстар ұшып келді мал далаға жайылатын болды.

2-тапсырма.



- Суретке қара. Ойлан. Денеміздің қай мүшесі маңызды деп ойлайсың?
- Сұрақтарға жауап бер.
 1. Адамның қандай дене мүшелері бар?
 2. Дене мүшелері не үшін қажет?
 3. Біздің дене мүшелеріміз қандай қызмет атқарады?
- Адамның қандай дене мүшелерін білесің? Жаз.

Үлгі: бас,



3-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қой. Толықтырып жаз.

Мен  шаңғы спортымен велоспорт...  айналысамын.
күрес...
бокс...
жүзу...

4-тапсырма.

- Сұрақтарға жауап бер. Жаз.

Сен спортпен шұғылданасың ба? _____

Саған қай спорт түрі ұнайды? _____

Сен спортшы боласың ба? _____


5-тапсырма.

- Сөздерді түсініп оқы. Қай сөз артық?
- Артық сөзді алып тастап көшіріп жаз.

1. Бас, көз, шаш, алақан.
2. Қол, іш, саусақ, тырнақ.
3. Аяқ, ата, қол, иық.
4. Шаш, мұрын, кірпік, аяқ, құлақ.

6-тапсырма.

- Диалогті түсініп оқы. Оң және сол қолыңды, оң және сол аяғыңды көрсет.
- Диалогті досыңмен оқы, орындат.



- Дима, адамда неше қол бар?
- Адамда екі қол бар.
- Сол қолыңды көтер.
- Міне, мен сол қолымды көтердім.
- Енді сен оң қолыңды көтер.
- Сен қазақша жақсы түсінесің бе?
- Иә, мен қазақша жақсы түсінемін.
- Өте жақсы.

7-тапсырма.

- Мақалдарды түсініп оқы.
- Мақалдарды жаттап ал. Мағынасын түсіндір.

Денсаулық – зор байлық.

Дені саудың – жаны сау.

МЕРЕКЕЛЕР

1-тапсырма.

- Сөздерді түсініп оқы. Көшіріп жаз.
- Сөздердің мағынасын түсіндір.
- Бұл не? Сыйлық па, әлде тілек пе? Сөздерді мағынасына қарай жаз.

Сөздер: бақыт, кітап, гүл, денсаулық, ашықхат, ойыншық, қуаныш.

Тілек: _____

Сыйлық: _____

2-тапсырма.

- Толықтырып жаз.

Керекті сөздер: саған, сені, сізді, сізге.

1. Мен _____ туған күніңмен құттықтаймын!
2. Мен _____ кітап сыйлаймын.
3. Мен _____ денсаулық тілеймін.
4. Мен _____ туған күніңізбен құттықтаймын!
5. Мен _____ кітап сыйлаймын.
6. Мен _____ денсаулық тілеймін.

3-тапсырма.

- Оқы.
- Толықтырып жаз.



Анашым!

Мен сізді Жаңа жылыңызбен _____ !

Мен сізге _____

_____ тілеймін.

4-тапсырма.

- Сызба бойынша сөз тіркестерін құра. Оқы.
- Көшіріп жаз.
- Етістіктердің астын сыз.

Анама
Қарындасыма
Сіңліме
Құрбыма
Ұстазыма

сыйлық дайындаймын.

5-тапсырма.

- Құттықтау мәтінін түсініп оқы.
- Құттықтау мәтінін мәнерлеп оқы.
- Үлгі бойынша анаға құттықтау ашықхатын жаз.

Қымбатты анашым!

Мерекеңіз құтты болсын!
Сізге зор денсаулық, үлкен бақыт тілеймін!

Қызыңыз (ұлыңыз)...



6-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Өлеңді жатта.
- Сөйлем соңында неге леп белгісі қойылған? Түсіндір.

Анамның мерекесі

Айналайын ана, мерекеңмен!
Сыйлайыншы саған дала гүлін мен.
Мерекелі күнің қандай тамаша!
Кеудеңдегі гүлің қалды жараса.

(А. Асылбеков)

7-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойып көшіріп жаз.
- Мәтін бойынша сұрақтар құрап өзара сөйлесіңдер.
- Сенің тұратын жеріңде Наурыз мейрамының қалай тойланатынын айтып бер.

Наурызк...жеге су мен тұздан басқа кемінде жет... түрлі дәмді (ет, бидай, тары, қат...қ, күр...ш т.б) қосып дайындайды. Наурыzkөжеге ау...лдағы әр үй бірін-б...рі кезекпен шақырған. Әрбір келген кіс... сол үйден б...р кеседен көже ішуі тиіс деп есептелген. К...же ішіп болған соң, үлкендер бат...сын берген.

(«Ана тілі» газетінен.)

8-тапсырма.

- Сөз тіркестерін түсініп оқы. Көшіріп жаз.
- Сөз тіркестерімен сөйлемдер құра.
- Етістіктердің астын сыз.

Қонаққа барсаң; барғымыз келеді; жақсылық болсын; құт, береке болсын; құттықтағым келеді; мейрамдарды тойлаңдар.

9-тапсырма.

- Сөздерді оқы. Мағынасын түсіндір.
- Мына сөздерден сөйлем құрастыр.

Наурыzkөже, бата, бауырсақ.

Жазғы демалыс

1-тапсырма.

- Сөйлемдерді түсініп оқы. Екі сөйлемді көшіріп жаз.
- Екінші бағаннан оларға қоюға болатын сұрақтарды таңда. Екі сөйлемді сұрағымен бірге көшіріп жаз.
- Сұрақ қойылып тұрған сөздің астын сыз.

1. Біз ұшаққа міндік.
2. Биік таулардан астық.
3. Ұшақ қалаға жақындады.
4. Ұшақ әуежайға қонды.

Ұшақ неге жақындады?
Ұшақ қайда қонды?
Қандай таулардан астық?
Біз неге міндік?

2-тапсырма.

- Мына сөздерге тиісті жалғауларды жалға. Оқы.
- Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Біз мәшине... мін... .
2. Кеме... көп кісі түс... .
3. Біз саяхат... дайындал... .
4. Тікұшақ аспан... көтеріл... .
5. Нұрлан... ағасы жағажай... істей... .

-дік, -ге
-ті, -ден
-дық, -қа
-ді, -ға
-да, -ның, -ді

3-тапсырма.

- Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем ойлап жаз.

1. Серуенге, біздің, барды, сынып.
2. Тау, өзен, барып, жағалауына, дем алдық, біз.
3. Ұнады, бізге, серуен.

4-тапсырма.

- Өлеңді түсініп оқы. Бірінші шумағын көшіріп жаз. Омоним сөздерді анықта.
- Омоним сөздерді теріп жаз.

Түсініксіз маған
Аяғымда – табан.
Әкелді балық ағам,
Балықтың аты – табан.

Заттың түсі қара,
Айналаға қара.
Көрінген сонау алыстан,
Нешеу екен, қара?

Қол созып ем кітапқа,
Досым айтты: «Алма!»
Барып едім баққа,
Көрдім піскен алма.

5-тапсырма.

- Мәтінді тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жаз.

Мен саяхатқа шыққанды ұнатамын саяхат адамды жақсы әдетке баулиды ол қиындықтарды жеңуге үйретеді саяхатқа шыққанда адам денсаулығын түзейді саяхат кезінде туған табиғатқа қамқорлықпен қарау керек адам мен табиғаттың біртұтас екенін ұмытпау қажет.

6-тапсырма.

- Мәтінді түсініп оқы. Сенің үйіңде қандай жануарлар бар?
- Мәтіндегі жануарларды ата. Үйіңде бар жануарлардың аттарын бір сызықпен сыз.
- Зат есімдердің астын бір сызықпен, сын есімдердің астын толқынды сызықпен сыз.

Мен жазғы демалыста атам мен әжемнің үйіне бардым. Олар ауылда тұрады. Атам қой, жылқы, сиыр, түйе өсіреді. Сүп-сүйкімді ала мысық әжемнің артынан қалмайды. Иттері де үлкен – алабай. Маған кіп-кішкентай күшік сыйлады. Мен оның атын Жолбарыс деп қойдым. Біз күні бойы бірге ойнаймыз.

7-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына берілген сөздердің керектісін қойып, әдемі жаз.

Үлгі: қой маңырайды.

... маңырайды.

... боздайды.

... кісінейді.

... мияулайды.

... мөңірейді.

... арсылдайды.

8-тапсырма.

- Сұрақтарды түсініп оқы. Білетін өсімдіктерді ата.
- Сұрақтарға жауап бер.
- Сұрақтарға жауап жаз.

Тірек сөздер: өте үлкен, маңызды, өсімдіктерді себепсіз жұлмау керек, табиғатта қорғау ережелерін сақтау керек, адам табиғатты қорғауға міндетті.

1. Адам өміріндегі өсімдіктердің рөлі қандай?
2. Неге көптеген жабайы өсетін өсімдіктер сирек кездесетін өсімдіктерге айналды?
3. Өсімдіктерге зиян келтірмеу үшін табиғатта адам өзін-өзі қалай ұстауы керек?

9-тапсырма.

- Мәтінді түсініп оқы. Аталған жануарларды плакаттан көрсет.
- Сұрақтарға жауап бер.
 1. Қызыл кітап деген не?
 2. Қызыл кітапқа қандай өсімдіктер енген?
 3. Қызыл кітапқа қандай жануарлар енген?

Қызыл кітап – бұл қауіп-қатер дабылы. Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан-жылға азайып не жоғалып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Біздің елімізде жойылып бара жатқан жануарлар: барыс, ібіліс, қоңыр аю, бүркіт, дегелек т.б. ал өсімдіктерден: қызғалдақ, сексеуіл, мүк, қына т.б. Табиғатқа саяхат кезінде өсімдіктерді себепсіз сындыруға, жұлуға, жануарларды аулауға, үркітуге болмайтынын ұмытпа. Табиғатқа қамқорлықпен қарау – бәріміздің міндетіміз.

- Қызыл кітаптың бір жағына жануарларды, екінші жағына өсімдіктерді жаз.

The image shows a large red outline of an open book. The book is open to two pages, each of which contains ten horizontal lines for writing. The lines are evenly spaced and extend across the width of each page. The book's spine is in the center, and the pages are slightly curved as if they are being held open. The entire book outline is drawn with a thick red line.

10-тапсырма.

- Мәтінді түсініп оқы. Есте сақта.
- Ережелерді оқы. Мәтіннің найзағай туралы бөлігін көшіріп жаз.
- Қорғану ережелерін көшіріп жаз.

Найзағайдың жарқылдауы – табиғаттың әдемі және айбынды құбылысы. Бірақ найзағай өте қауіпті. Егер найзағай ашық жерде жүргенде басталса, құрғақ шұңқыр, бұталар арасына тығылуға болады. Одан қорғану ережелері:

1. Биік ағаштар астына, әсіресе жеке тұрған ағаш астына тығылуға болмайды.
2. Күн күркірегенде суға түсуге болмайды.
3. Металдан жасалған заттардың жанында тұруға болмайды және жаңбырдан металдан жасалған заттармен қорғануға болмайды.

11-тапсырма.


- Мәтінді түсініп оқы. Есте сақта.
- Ережелерді көшіріп жаз.
- Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың аттарын жаз.

Барлық улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтарды есте сақтау мүмкін емес. Сондықтан:

1. Жемістер мен өсімдіктердің жеуге жарамды екеніне күмәндансаң, онда оларды аузыңа салма.
2. Жеуге жарамдылығына күмән келтірген саңырауқұлақтарды жинама.

12-тапсырма.

- Сызбаға қара. Сөздерді оқы. Сызбадағы көлік түрлерін жаз.
- Сызбадағы көлік түрлерімен сөйлем құра.



13-тапсырма.

- Төменде берілген көлік түрлерін үлгі бойынша жалғастыр.

Бір мезгілде жерүсті көлік, жолаушылар көлігі, жеке көлік болатындар: жеңіл мәшине, ... , _____


Бір мезгілде жерүсті көлік, жолаушылар көлігі, қоғамдық көлік болатындар: пойыз, ... , _____

Бір мезгілде су көлігі, жолаушылар көлігі, жеке көлік болатындар: қайық, ... , _____

Бір мезгілде су көлігі, жолаушылар көлігі, қоғамдық көлік болатындар: теплоход, ... , _____

14-тапсырма.

- Суретке қара. Суреттегі көліктердің атауларын жаз.
- Ауаны ластайтындарды қызыл қарындашпен, ауаны ластамайтындарды жасыл қарындашпен белгіле. Өз шешіміңді ауызша дәлелде.
- Сурет бойынша бірнеше сөйлем құра. Жаз.



15-тапсырма.

- Жұмбақтарды оқы. Көшіріп жаз.
- Шешуін жаз. Осы сөздермен бір-бір сөйлем құра.



Көше бойлап аяңдайды,
адам тасып аялдайды.




Кеудесі толған күш,
табаны толған тіс.

16-тапсырма.

- Ережелерді түсініп оқы. Есте сақта. Ереженің 5-бөлімін көшіріп жаз.
- Ережелерді әдемілеп көшіріп жаз.

Жаяу жүргінші ережелері

1. Мәшине жолына шықпай, тек жүргіншілер жолымен ғана жүр.
2. Көшеден өтуге болмайтын жерден ешқашан да өтпе (жүгірме), тек көшеден арнайы өтуге болатын жолақ жол бар жерлерден ғана өт.
3. Жаяу жүргінші өтетін жолақ жол жоқ болса, көлік қозғалысына қарама-қарсы жол шетімен жүр.
4. Ролик, скейтборд және велосипедпен жүргенде абай бол. Жолдың көлік жүретін бөлігіне шықпа.
5. Көшеден тек бағдаршамның жасыл шамы жанғанда ғана өт, қызыл шамы жанып тұрғанда орныңнан қозғалма.



17-тапсырма.

- Өлеңді түсініп оқы. Суреттегі заттарды ата.
- Өлеңді мәнерлеп оқы. Зат есімдердің астын сыз.
- Сын есімдердің астын сыз. Сұрақ қой.



Бағдаршам

Қалада көлік көп,
Қалада апат көп.
Сақтайтын апаттан –
Тек қана бағдаршам!

Үлкен біздің қаламыз,
Есте сақтап қаламыз.
Қызыл, сары, жасыл шам,
Көшеде тұр бағдаршам.

Бағдаршам біледі,
Бәрін де көреді.
Адам да, көлік те,
Сол шаммен жүреді.

18-тапсырма.

- Суреттегі ескерту белгілерінің мағынасын анықта. Айт.
- Жанына жаз. Үлгі: жаяу жүргіншілер жолы.



ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

1-тапсырма.

Көп нүктенің орнына керекті дауысты дыбыстарды қойып, көшіріп жаз.

Керекті әріптер: ө, ү, і, е, ө, а, у, ы, о, и.

Г...л, б...р, ж...лқ... , т...т...н, қ...р... , ж...р...с, ...й, д...п, ...м...н,
к...н... , в...г...н, ...й, т...рн... , т... , х...т, ...рм...кш... , б...рк...т, ...н.

2-тапсырма.

Әріп жұмбақтарды шеш. Жауабын жанына жаз.

Бұлар қандай дауысты дыбыстар?

Сүтте бар,
Етте жоқ.
Түпте бар,
Шетте жоқ.

Өмірде бар,
Білекте жоқ.
Көңілде бар,
Жүректе жоқ

3-тапсырма.

Жуан дауысты дыбыстары бар бес сөз теріп жаз.

Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып, көшіріп жаз.

Б...р жарлы шал есег...не м....н...п келе жатыр ед... .

Балалар шалды ...жуалап, мазақ етк...лер... кел...п:

– Ата, неге есег...ң...зд... өлең айтуға үйретт...ң...з? – депті.

– Есег...м ...лең айтпайды. Сендердей жақсы жолдастарын к...рген
соң қуанғанынан ақырады, – депт... .

4-тапсырма.

Дұрыс жауапты қанатшамен белгіле.

«Орман» деген сөз қалай айтылады?	✓	Дауысты дыбыстар қалай бөлінеді?	✓
а) жіңішке айтылады		а) жуан, жіңішке	
ә) жуан айтылады		ә) ұяң, үнді, жіңішке	
б) қатаң айтылады		б) үнді, ұяң, қатаң	

5-тапсырма.

Үлгіге қарап сөздерді сөз құрамына талда.

Берілген сөздер: кезекшілер, шеберханаға, жаңалықпен, қамқоршыны.

Түбір	Жұрнақ	Жалғау
Кезек	ші	лер

6-тапсырма.

Зат есімдерге жұрнақтар жалғау арқылы туынды зат есім жаса.

Керекті жұрнақтар: -тық, -шы, -лық, -тық, -тыс, -ші, -шы.

Үлгі: дос – достық, балық – балықшы.

Дос, балық, бас, бала, от, күй, етік, домбыра.

7-тапсырма.

Дұрыс жауапты қанатшамен белгіле.

Туынды сөздер қалай құралады?	✓	Туынды сөздерді тап	✓
а) түбір + түбір		а) жұмыс, жұмыстар	
ә) түбір + жұрнақ		ә) өн, өнші	
б) түбір + жалғау		б) ерлік, ерліктер	

8-тапсырма.

Дұрыс жауапты қанатшамен белгіле.

Түбірлес сөздерді тап	✓	Түбірлес сөздерді тап	✓
а) үй, үйшік		а) егін, егіндік	
ә) қол, қола		ә) етік, етегін	
б) жарыс, жара		б) қас, қасап	

9-тапсырма.

Дұрыс нұсқаларын көрсет.

1) -лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер қандай жалғауларға жатады?

- а) тәуелдік жалғау;
- ә) көптік жалғау;
- б) жіктік жалғау.

2) Заттың біреуге тән екенін білдіретін қосымшаларды қалай атаймыз?

- а) көптік жалғау;
- ә) септік жалғау;
- б) тәуелдік жалғау.

3) Септік жалғауларын ата:

- а) -лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер;
- ә) -ым, -ім, -ың, -ің, -ыңыз, -іңіз, -ы, -і;
- б) -ның, -нің, -ға, -ге, -ты, -ті, -да, -де, -нан, -нен, -мен, -пен, -бен.

4) Жіктік жалғауы бар сөзді тап:

- а) ағам;
- ә) оқушылар;
- б) ұшқышпын.

10-тапсырма.

Сөйлемдерді оқы.

Омоним сөздерді тауып, сөйлемдердегі «түс» сөзінің мағынасын түсіндір. Жаз.

1. Күн түс болды. 2. Түсінде ұшаққа отырды. 3. Пойыздан жүгін көтеріп түсті. _____

11-тапсырма.

Берілген сөздердің синонимдерін тап.

Бұл сөздердің қай сөз табына жататынын анықта.

Үлгі: адам – зат есім.

адам –

ел –

алыс –

үлкен –

нану –

шапшаң –

мәлімет –

көмек –

12-тапсырма.

Берілген сөздердің антонимдерін тап.

Бұл сөздердің қай сөз табына жататынын анықта.

Үлгі: дос – зат есім.

дос –

жаз –

күн –

ұл –

жас –

аш –

кең –

ащы –

13-тапсырма.

Дұрыс нұсқаларын көрсет.

Зат есімдерді қатыстырып 2-3 сөйлем құра.

1) Зат есім заттың несін білдіреді?

а) сынын білдіреді;

ә) іс-қимылын білдіреді;

б) атын білдіреді.

2) Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?

а) не істеді? не істедің?

ә) қандай? қай?

б) кім? не?

14-тапсырма.

Сөз таптарын ажырата біл.

Сөздерді сөз таптарына бөліп жаз.

Үлгі: Зат есім: таға,

Таға, шие, алма, әдемі, қызыл, ескі, тауып алды, еңкейді, сатып алды, бір, үш, он бес.

Зат есім: _____

Сын есім: _____

Сан есім: _____

Етістік: _____

Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік
Таға	әдемі	бір	тауып алды

15-тапсырма.

Дұрыс нұсқаларын көрсет.

Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді бөлек-бөлек көшіріп жаз.

1. Хабарлы сөйлемді тап.

- а) Күн бұлттанды.
- ә) Жаңбыр жауды ма?
- б) Алақай, біз жеңдік!

2. Сұраулы сөйлемді тап.

- а) Жарайсың, Нұрлан!
- ә) Жаңбыр жауды ма?
- б) Мен сурет салдым.

3. Лепті сөйлемді тап.

- а) Бұл керемет қой!
- ә) Ауа райы қандай?
- б) Бүгін жаңбыр жауды.

Хабарлы сөйлемдер: _____

Сұраулы сөйлемдер: _____

Лепті сөйлемдер: _____

Оқу басылымы

**Сүлейменова Роза Айтжановна
Есенжолова Гүлия Жанғазиевна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің
(сыныптардың) 5-сыныбына арналған жұмыс дәптері**

**Редакторы К. Ж. Есенжолова
Суретшісі Б. Сопыбеков
Компьютерде беттеген С. К. Ильясова**

**Басуға 24.05.2019 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6. Шартты баспа табағы 5,58.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік қағаз**